



# ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Ойлау мен сөйлеу жоғары  
психикалық үрдіс ретінде





Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау мен сөйлеу жоғары психикалық үрдіс ретінде

Психикалық үрдістер сезімде, қабылдауда, қиялда, зердеде, ойлауда, сөйлеуде үнемі және өзгермелі тұрғыда бейнеленетін ішкі өмірлік жан қуаттары. Ол — жүйеленген және жүйесіз, ұғынылатын және ұғынылмайтын, даралық және әлеуметтік құбылыстардың, үлкен және шағын топтардың мінез-құлықтарының жиынтығы. Біз бұл дәрісте осы психикалық үрдістердің ойлау мен сөйлеу түріне ерекше назар аударатын боламыз. Себебі, осы курстардың негізгі тақырыбы осы екі танымдық үрдістің айналасында құрастырылған. Бұл дәрісте Лев Семенович Выготскийдің «Ойлау мен сөйлеу» еңбегінде жарияланған негізгі ой тұжырымдары мен негізгі зерттеулері жайлы айтатын боламыз.

**Ойлау дегеніміз** - әлеуметтік жағдаймен ұштасқан тілмен тығыз байланысты психикалық процесс, сол арқылы болмыстың, дүниедегі нәрселердің жалпы және жанама түрде миымызда бейнеленуі. Ойлау - субъектінің танымдық әрекеті, шындықтың жалпыланған бейнесі ретінде сипатталады. Ойлаудың дамуы филогенетикалық, тарихи, онтогенетикалық және функционалдық аспектілерде зерттеледі. Психология ойлауды танымдық әрекет ретінде зерттейді. Мұнда ойлау қолданылатын құралдардың түрі мен жалпылау деңгейіне, олардың субъект үшін жаңалығының оның белсенділік дәрежесі мен шындыққа сай болуына қарай түрлерге дифференцияланады. Ойлау процестері өту типіне қарай интуитивтік және аналитикалық ойлау, адамның орындайтын амалдарына қарай - практикалық және теоретикалық; орындалатын функцияларына қарай — шығармашылық және креативті (сын тұрғысынан) болып бөлінеді. Ойлау өмір бойы іс-әрекет пен қарым-қатынас үстінде қалыптасады. Ойлаудың генетикалық классификациясы мына түрлерді қамтамасыз етеді: көрнекі-әрекеттік, көрнекі-бейнелік, логикалық.

**Психологияда ойлау объективті тәсілдермен зерттеледі.** Сонымен қоса, эмпирикалық материалды жинаудың барлық негізгі тәсілдері кеңінен қолданылады. Бұлар: бақылау, эксперимент, әңгімелесу, іс-әрекет өнімдерін зерттеу. Жиі ойлау амалды орындау процесі ретінде айқындалады. Субъект амал-әрекеттерді түсінуімен қатар, оны қабылдауы да тиіс. Яғни, тұлғаның мотивациясымен (қажеттік-себебтік сферасымен) байланыстыруы тиіс. Конфликт жағдайларында ойлау басқа адамға әсер ету құрылымына енеді. Қарым-қатынас арқылы бір адамның ойлау әрекетінің нәтижесі (білімі) екіншісіне беріледі. Білім (жалпылау) заттың әрекетке немесе амал орындау процесіне (орындаудың жалпы тәсілдеріне) қатысты болуы мүмкін. Ойлау формалары ұғым, пікір, ой қортындысы.

Ал сөйлеудің психологиялық сипатына келсек, сөйлеу - адамдардың материалдық өзгермелі әрекет процесінде тарихи қалыптасқан қарым-қатынас формасы. Сөйлеу қарым-қатынас және өзін-өзі, өз әрекетін бақылау мақсатындағы хабарды қабылдау мен тудыру процестерін қамтиды. Психология үшін қарастырылатын мәселе адамның жоғары психикалық функциялар жүйесіндегі сөйлеудің орны, оның ойлау, сана, ес, эмоциялармен, т.б. ара қатынасы. Әсіресе, тұлға мен іс-әрекет құрылымын бейнелейтін ерекшеліктерінің маңызы зор.

Психологтардың көбі сөйлеуді сөйлеу іс-әрекеті, яғни іс-әрекеттің тұтас актісі ретінде немесе сөзсіз іс-әрекетке қосылатын сөйлеу әрекеттері ретінде қарастырады. Сөйлеу әрекетінің құрылымы кез-келген әрекеттің құрылымымен ұқсас келеді. Бұл бағдарлау, жоспарлау, іске асыру мен бақылау фазаларын қамтиды. Сөйлеу белсенді, әркез қайта реактивті, динамикалық сөйлеу стереотиптер тізбегін бейнелейтін болып келеді. Жоспарланбаған ауыз-екі сөйлеу жағдайында қолданылатын тіл құралдарын таңдау мен бағалау минимум дәрежесінде болса, керісінше, жазбаша тілде және алдын-ала дайындалған ауыз-екі сөйлеуде олар маңызды орын алады. Сөйлеудің түрлері мен формалары түрлі спецификалық заңдылықтар бойынша құрылады. Мәселен, ауыз-екі сөйлеу тілдің грамматикалық жүйесінен ауытқуы мүмкін.

Психология ғылымында сөйлеудің келесі түрлері ажыратылады: ішкі (шындықтағы коммуникациядан тыс тілдің әр түрлі қолданылуы); жазбаша (жазбаша мәтіндер көмегімен вербальді қатынас); эгоцентрилік (өз-өзіне бағытталған сөйлеу); ым-ишара (ым-ишара жүйесіне негізделген тұлғааралық қатынас тәсілі); тактильдік (тактильдік әріптер көмегімен, яғни саусақтардың белгілі бір конфигурациясы мен қозғалысы арқылы сөздерді жаңғырту).

Танымның рационалды формаларын психологиялық зерттеуде ойлау мен сөйлеу арақатынас мәселесі маңызды орын алатыны біз алдыңғы дәрістерде егжей тегжелі қарастырдық. Адамның ойлау әрекеті әлеуметтік болып келеді. Оны жүзеге асыру үшін коммуникация құралы ретінде сөйлеу қажет болады. Ойлау алдымен материалдық емес құралдарымен, одан кейін ауыз-екі және жазбаша сөйлеумен құралданған процесс ретінде пайда болады. Танымдық ойлау еріксіз болады және құралдар жүйесі болып бейнеленеді. Оны игеріп, адам ойлау процесін саналы түрде басқара алады. Сөйлеу тек психологиямен ғана емес, сонымен қоса психолінгвистика, филология, лингвистика, семантика және т.б. ғылымдармен



де зерттеледі.

### Сөйлеудің қызметтері:

1. Коммуникативтік қызметі-ақпарат, пікір, хабар алмасу процесінде жүзеге асады.
2. Сигнификативтік қызметі-бұл латынның «сигнал»-белгі, таңба деген сөзінен шыққан. Сөйлеудің бұл қызметі бойынша адамдар бір-бірін белгілер мен таңбалар арқылы түсінетін болады. Мәселен, қауіпті жағдай туғанда берілетін белгі, адамдардың түрлі қимыл-қозғалыстары мен ым-ишаралары, зат алмасулары арқылы қарым-қатынастар жасау-сөйлеудің сигнификативтік қызметін білдіреді.
3. Экспрессивтік қызметі-әралуан хабарлар мен жай-жапсарлардың мәнерлі сөзбен, құлаққа жағымды үнмен, дауыс ырғағымен адамның жан дүниесін тебіrentіп, өзгелерге жеткізілу тәсілі.

Выготский өзінің «Ойлау және сөйлеу» атты монографиясында бала дамуының процестеріне қатысты негізгі екі негізгі көзқарастарға баса назар аударған Атап айтсақ, оның бірі — Ж.Б.Ламарктің, екіншісі Дарвиннің көзқарасы. Бюлердің К.Коффканың баланың психикалық дамуы жайлы еңбегі туралы ойы Ламарктің идеясына қазіргі заманғы психологиялық анықтама беру әрекеті дегені өте әділ деп есептейді автор. Коффка әлеуметтік жағдаймен ұштасқан тілмен тығыз байланысты психикалық процесс ның көзқарасы бойынша, мінез-құлықтың төменгі формаларын түсіндіру үшін, әдетте, мінез-құлықтың неғұрлым жоғары формаларын түсіндіретін принципті қолданатын болса, ал қазіргі уақытқа шейін керісінше, психолог жоғары сатыға қатысты принципті анайы мінез-құлықты түсіндіретін принципке қолданып келді. Бірақ, Коффканың айтуы бойынша, бұл әдістің антропоморфизммен еш ұқсастығы жоқ. Психологияда аңғырт және сыншыл антропоморфизм арасындағы маңызды айырмашылықтың анықталуы қазіргі заманғы психологияның аса маңызды әдіснамалық жеңістерінің бірі болып табылады.

Аңғырт теория дамудың түрлі сатыларындағы функциялардың сәйкестендірілуіне кәміл сенсе, сыншыл антропоморфизм бізге адамның бойындағы белгілі жоғары формаларын негізге ала отырып, психикалық даму баспалдағынан төмен қарай жылжып, сол психологиялық құрылымды және оның дамуын бақылауға алады. Соңғы теорияға Келер меп Коффканың еңбектері қабысатын тұсы дейді автор.

Лев Семенович осы тақырып аясындағы зерттеу жұмыстарын келесідей сипаттайды. Бюлер балалар психологиясын құрастырудың өзіндік тәжірибесін Дарвиннің идеяларын жалғастыру әрекеттері ретінде қарастырады. Егер Дарвинге дамудың бір ғана саласы белгілі болса, Бюлер өз ойына сүйене отырып, Дарвин ұсынған табиғи сұрыпталу принципі дәлелденетін екі жаңа саланы нұсқайды. Дегенмен Бюлер данышпандық біржақтылықпен ұсынылған Ламарк пен Дарвиннің теорияларынан «бүкіл тіршіліктің даму тарихының бір ғана жалпы көрінісі пайда болды» деген Э.Герингтің сөзін келтіре отырып, олардың көзқарастарын біріктіруге тырысады. Осылайша Бюлер Ламарксыз неodarвинизмнің тым соқырланып, бір орнынан жылжи алмайтындығын, бірақ Ламарктың да Дарвинсіз тіршілік формаларының әр түрлі байлығына дейін жетілмегендігін айтады. Осы екі зерттеушінің бір-бірімен қалайша байланысатындығын анықтағанда ғана балалар психологиясындағы даму теориясы шынымен алға жылжыған болар еді дейді автор.

Өзіңіз байқап отырғандай, балалар дамуы ұғымының әр түрлі зерттеушілерде бірдей еместігіне көзіміз жетті. Бюлердің ілімінде дамудың түрлі салалары жайлы ойлар аса маңызды көрінеді. Оның сөзі бойынша, Дарвинде бір ғана сала белгілі болса, Бюлердің өзі бір-бірінен шектелген үш саланы нұсқайды. Бюлердің ойынша, мінез-құлықтың дамуы бірнеше негізгі сатыдан өтеді, солайша мінез-құлықтың даму процесінің өзі сұрыпталу әрекетінің орнын ауыстырады. Дарвиндік бейімделу аз дәрежеде ұйымдастырылған индивидтердің жойылуымен жүреді; мұнда өмір мен өлім сөз етілуде, жаттықтыру негізінде бейімделу индивидтің ішінде жүзеге асады; ол мінез-құлықтың ескі тәсілдерін сұрыптай отырып, жаңасын жасайды. Оның әрекет ету орны дене іс-әрекетінің бөлігі болып табылады да, оның құны өмір емес, табиғатта болатындай шамадан тыс дене әрекеттері болып табылады.

Ал, К.Бюлер келешектегі даму мүмкіншілігін нұсқайды. Егер дене қозғалыстарын жасау қиындаса немесе қандай да бір себептермен жеткіліксіз болса, онда сұрыпталудың орны елестер мен ойларға ауыстырылуы тиіс. Адамзат жаңалықтары мен ізденістерінің жоғары формаларымен қатар, балаларда және шимпанзеде болатын аса қарапайым жаңалықтарды да бір сарынға әкеліп, теориялық, тұрғыдан олардың тепе-теңдігін ұғынуымыз қажет, — дейді Бюлер. Осылайша объектінің өзін байқауға алудың эквиваленті болып табылатын іштей байқау немесе ойша байқау ұғымы Бюлерге дарвиндік сұрыпталу формуласын бүтіндей адам психологиясына таратуға мүмкіндік береді. Әр қилы үш салада орынды



(инстинкт, жаттықтыру, интеллект) сұрыпталу принципін жүргізу әрекетінің үш жерде пайда болатын бір принципті негізге алуымен түсіндіріледі. Автордың пікірінше, осы ғана қазіргі заманғы дарвиндік даму бағыты теориясының бірізді жалғасы болып табылады.

Өзінің еңбегінде Лев Семенович Бюлердің осы мінез-құлық дамуының үш сатылы теориясына толығырақ тоқталып өткен. Ол, шынымен де, мінез-құлықтың негізгі түрлерін эволюциялық баспалдақтың үш сатысы бойынша таратып қамтиды.

Бірінші сатыны инстинкт немесе мінез-құлық тәсілдерінің тума, тұқым қуалаған қоры (фонд) құрайды. Одан жоғарырақ тұрған екінші сатыны жаттықтыру немесе, басқаша айтқанда, дағды шартты рефлексстер сатысы, яғни жеке тәжірибеде иеленген шартты реакциялар сатысы деп атауға болады. Ең соңында бұдан жоғарырақ үшінші интеллект сатысы немесе жаңа жағдайларға бейімделу қызметін атқаратын интеллекті реакциялар сатысы.

Бұл схемада неғұрлым зерттелмеген және неғұрлым күрделірегі де, даулысы да — үшінші саты. Көптеген авторлар, интеллекті реакцияларды ерекше класқа топтастырмай, дағдылардың тым күрделі формалары ретінде қарастырып, даму схемасын тек екі сатымен ғана шектеуге тырысады. Ал Лев Семеновичтің ойынша, эксперименттік зерттеулер осы дауды үш сатыны мойындау есебіне қарасты шешкен. Келердің зерттеулері көрсеткендей, үшінші саты тіпті жануарларда да бар, олардың қызметінде маңызды сипаттарымен ерекшелінетін интеллектілі реакцияны механикалық тұрғыда тек істеп көру негізінде қалыптастырып дағдылармен бір қатарға қоюға болмайды. Әрине, интеллектілі реакциялар сатысының мінез-құлық дамуындағы екінші сатымен тығыз байланысып, оған сүйенетіндігін ұмытпаған жөн. Алайда бұл мінез-құлық дамуындағы екінші сатыға да бірдей қатысты дейді автор.

Өз сөзінде Выготский жалпы генетикалық психология қолданысқа алып отырған, мінез-құлық дамуының құрылымы қалайда жер қабығының геологиялық құрылымын меңзейді дейтін тұжырымын теориялық тұрғыдан ең жемістісі деп ойлайтынын айтқан. Зерттеулер адам мінез-құлқында генетикалық тұрғыдан әр түрлі қабаттар бар екенін анықтайды. Осы орайда, адам мінез-құлқының «геологиясы» ми дамуы мен оның геологиялық шығу тегінің бейнесі екендігі сөзсіз дейді.

Егер біз ми дамуының тарихына жүгінер болсақ, Кречмердің даму тарихындағы қабаттану заңы деп атаған құбылысты көре аламыз. Жоғары орталықтар дамыған кезде даму тарихындағы неғұрлым ескі орталықтар тысқары қалып қана қоймай, жоғарылардың басшылығымен бағынышты инстанциялар ретінде әрекет етеді, сондықтан зақымданбаған жүйке жүйесінде оларды жекелей анықтауға болмайды. Ми дамуындағы заңдылықты функциялардың жоғары өтуі деп айтуға болады. Бағынышты орталықтар өздерінің даму тарихындағы алғашқы қызмет ету әрекетін толығымен сақтамайды, бұрынғы функцияларының бір бөлігін жоғарыдағы жаңа құрылған орталықтарға береді. Тек жоғары орталықтар зақымданғанда немесе олардың қызметі әлсірегенде ғана, бағынышты инстанция дербес әрекет етіп, онда сақталған қызмет етудің көне түрінің элементтерін нұсқайды дейді Кречмер.

Біздің осылайша жоғары орталықтар дамуын тоқтатпаған жағдайда төменгілердің бағынышты инстанция ретінде сақталатындығын және мидың дамуы жаңа сатылардың ескілердің үстінен қатпарлануы және құрастырылу заңдылығы бойынша жүретіндігіне көзіміз жетті. Жаңа саты пайда болғанда, ескісі өліп қалмайды, сол жаңа сатыға өтіп, онда тіршілігін жалғастыра береді. Осылайша көне ми қызметі инстинкті де жойылмай, шартты рефлексстерде жаңа ми қызметімен жалғастырылып, тіршілік ете береді. Дәл осылайша, шартты рефлекс интеллектілі әрекетте бір уақытта тіршілік етіп және тіршілік етпей де, алынып тасталады. Ғылымның алдында жоғарыдағы төменгіні ашу көне төменгіден пісіп жетілген жоғарыны аша білу сияқты тең екі міндет тұр.

Лев Семенович Выготский өз монографиясында келесі пікірді мысал ретінде келтіреді. Вернер «қазіргі заманғы ересек мәдениетті адамның мінез-құлқы тек «геологиялық» тұрғыда ғана түсінікті болуы мүмкін» деген, өйткені мінез-құлықта адам өзінің психикалық дамуында өткен барлық сатыларды бейнелейтін түрлі генетикалық қатпарлар сақталған. Психологиялық құрылым дейді, — Вернер, — бір қабатпен емес, генетикалық, тұрғыда бірінің үстіне бірі қатпарланған көптеген қабаттармен сипатталады. Сондықтан да жеке индивидтің өзінде де, генетикалық жағынан қарастырғанда, оның мінез-құлқында даму процесінің аяқталған белгілі генетикалық фазалары көрінеді. Тең элементтер психологиясы үшін адам мінез-құлқы біртұтас сфера ретінде сипатталады. Бұдан қарама-қарсы өзгеше жаңа психология адам мінез-құлқының генетикалық әр түрлі сатыларын анықтайды деп тұжырымдайды. Вернер зерттеудің негізгі міндетін мінез-құлықтың генетикалық көп қатпарлануын ашудан көреді дейді автор.

Ерекше атап өтетін жағдай, Блонскийдің “Психологиялық очерктер» атты еңбегі толығымен адам мінез-құлқының генетикалық талдауы негізінде жасалған. Ондағы ойдың мәні мынада: адамның күнделікті



мінез-құлқын ондағы мінез-құлықтың дамуында өткен негізгі генетикалық сатыны ашқан жағдайда ғана түсінуге болады. Блонский тіршілік етуді өмірдің анайы күйі ретінде, ұйқылы өмірді, ұйқылы-ояу өмірді және ояу өмірді бөліп көрсетеді. Осындай біртұтас генетикалық схема адамның күнделікті өмірімен қатар, оның дамуының мыңдаған жылдарғы тарихын қамтиды, ал дәлірек айтсақ, ол адамның күнделікті мінез-құлқын оның мыңдаған жылдар тарихы тұрғысында қарастыра отырып, тарихи көзқарастың жолын психологияға, қазіргі заман адамы мінез-құлқының талдауына сәйкестендірудің көрнекті үлгісі болып табылады. Дегенмен белгілердің даму тарихы мінез-құлық дамуын басшылыққа алған неғұрлым жалпы заңдылыққа әкеледі.

П. Жанэ оны психологияның іргелі заңдылығы деп атайды. Ол заңдылық бойынша бала даму процесінде алғашында өзіне қатысты мінез-құлықтың басқалардың оған қатысты қолданған түрлерін қолдана бастайды. Бала өз бетінше мінез-құлықтың әлеуметтік түрлерін меңгере бастайды да, оларды өзіне қолданады. Белгі алғашында баланың тұрақты әлеуметтік байланыс құралы, басқаларға әсер ету құралы болып табылып, кейіннен ғана өзіне әсер ету құралына айналады. Психологияда осы жолмен құралатын көптеген байланыстар мен тәуелділіктер анықталған. Мысалға өз кезінде Дж.Болдуиннің және қазіргі кезде Пиаженің зерттеулерінде дамытыла бастаған деректерді көрсетуге болады. Зерттеу бала даулары мен оның толғаныстарының арасындағы генетикалық байланыстың қатынасын көрсетеді. Бала логикасының өзі оған дәлел. Дәлелдемелер алдымен балалар арасындағы дауда пайда болып, кейіннен ғана бала тұлғасының көрініс беру формаларымен байланысты оның ішкі өміріне ауысады.

Бала логикасы тек баланың тілі мен баланың бүкіл тәжірибесінің қарқынды әлеуметтене бастауымен ғана дами алады. Бала мінез-құлқының дамуында ұжымның генетикалық рөлінің өзгеретіндігін байқауға болады, ойлаудың жоғары функциялары бастапқыда балалардың ұжымдық өмірінде дау түрінде көрініс беріп, кейіннен ғана бала мінез-құлқында ойланудың дамуына әкеледі.

Ж.Пиаже мектепке дейінгі кезеңнен мектептегі кезеңге өтудегі түбегейлі өзгеріс ұжымдық іс-әрекет түрлерінің өзгеруіне әкелетіндігін анықтаған. Осының негізінде баланың ойлауы да өзгереді. Пиаже бойынша ой-толғаныстарды іштей дау ретінде қарастыруға болады. Алғашында айналадағылармен қарым-қатынас құралы ретіндегі, кейіннен ғана ішкі сөйлеу түріндегі ойлау құралы болып табылатын сөйлеу тілін еске алсақ болғаны, осы заңдылықтың баланың мәдени даму тарихына қолданыла алатындығының басын ашып алуға болады дейді автор.

Лев Семенович мінез-құлықты басшылыққа алатын заңдылықтың мәдени даму саласында көрініс беретін нақты түрлерін көрсете келе, егер де белгінің алғашында қарым-қатынас құралы болып табылып, кейіннен тұлға мінез-құлқының мәдени даму құралына айналатындығы дұрыс болса, мәдени даму белгілерді қолдану негізінде жүреді де, олардың жалпы мінез-құлықтың күйіне енуі бастапқыда әлеуметтік, сыртқы формада жүріп жатады деп өз ойын тұжырымдайды.

### Қосымша әдебиеттер:

1. Смирнова, Е. О. Детская психология : учеб. для студ. высш. пед. учеб. заведений / Е. О. Смирнова. – М. : Гуманитар. изд. центр «ВЛАДОС», 2006.
2. Шаграева, О. А. Детская психология : Теоретический и практический курс : Учеб. пособие / О. А. Шаграева. – М. : Гуманит. изд. центр «ВЛАДОС», 2001.